

Қарағанды мемлекеттік медициналық университеті
Жалпы хирургия және травматология кафедрасы

СӨЖ

Амбулаторлы хирургиялық қызметті ұйымдастыру

Орындаған: Қазақбай Б.А

Тексерген: Артықбай С.Н

Қарағанды 2015

Жоспары

- ▶ Кіріспе
- ▶ Амбулатория жайлы түсінік
- ▶ Амбулаториялық хирургия
- ▶ Хирургиялық операция бөлімі
- ▶ Амбулаторлы хирургияның артықшылығы

Амбулатория (лат. ambulatorius — аяқтай жүріп емделу) — науқас адам келіп-кетіп емделетін және үйден дәрігерлік көмек көрсететін мекеме. Амбулаторияның емханадан айырмашылығы: мұнда жұмыс көлемі, сондай-ақ дәрігер құрамы аз және көбіне ішкі ағза, тіс аурулары емделеді. Амбулаторияның негізгі мақсаттарына өздері келіп, дәрігерлік жәрдем сұраған адамдарға және үйдегі науқастарға нақтылы көмек көрсету, қажет жағдайда дәрігерлік кеңес ұйымдастыру, диспансерлік бақылауды жүзеге асыру, өндірістік мекемелерде медициналық-профилактикалық сауықтыру жұмыстарын жүргізу, сондай-ақ кәсіби аурулар мен өндірістік жарақаттардың себептерін анықтау т.б. жатады.

Амбулаторлы хирургия

Операциялық арасулар, реанимация, стационарда сауығу... Міне, дәл осы дәйектілік арқылы науқастар ауруханада болатын. Қазіргі кезде операциядан кейінгі науқастарға, мейлінше аз уақыт бойы ауруханада жату жасалып жатыр, бір күн немесе сағат. Кейін оларды үйге жіберіп, ары қарай сауықтыруды жалғастырады. Осыған байланысты медицина саласында қазіргі кезде кең тарайып деп жатқан, амбулаторлық хирургияға мән беруде.

Амбулаторлы хирургия қазіргі заманғы хирургияның кең тараған бағыты. Стационарда көп уақыт бойы өткізуді болатын көптеген операциялар, қазіргі кезде амбулаторияда жасауға мүмкіншілік бар. Амбулаторияда операциялар максималды аз уақытта (1 күндей) және кейбір түрлеріне жергілікті анестезия қолданылады.

Амбулаторияның хирургиялық көмек, ауыр асқыныстары жоқ, 17-60 дейінгі жастағы науқастарға көрсетілген. Амбулаторлы хирургияға кері көрсеткіш ретінде бауыр, бүйрек, жүрек қантамыр аурулары жатады. Егер де созылмалы аурулар асқынбай, компенсация сатысында болған жағдайда, амбулаторлы хирургия жүргізуге болады.

Амбулаторлы хирургияға үзілді-кесілді кері көрсеткіштер:

- ▶ Тұмаудың жедел түрлері (грипп, ЖРВИ)
- ▶ Қан ұю бұзылысымен байланысты аурулар
- ▶ Дәрілік заттарға аллергиялық реакциялар

Ең бірінші рет науқас амбулаторлық хирургияға жүгінген кезде, хирург дәрігердің негізгі мақсаты ауруды диагностикалау және шұғыл жағдайда госпитализацияға бағыт беру қажет. Науқасқа амбулаторлы карта ашылады, картаға қысқаша түрде шағымдар, ауру анамнезі мен объективті көрінісі жазылады. көрсеткіштері бойынша лабораториялық және қосымша зерттеу әдістерін жүргізеді.

Ең алдымен науқастың жағдайын бағалап, жағдайы нашар болса, шұғыл түрде госпитализациялау керек. Шұғыл түрде ауыр жарақаттары, құрсақ қуысының жедел аурулары, өте жоғары температурамен жүретін қабыну аурулары кезінде қабылдайды. Қалған науқастарды жазба бойынша қабылдайды.

Хирургиялық кабинетте қабылдауды хирург пен медбике жүргізеді. Хирург науқасты қарайды, негізгі құжаттарды жүргізеді, ал медбике таңу мен әртүрлі манипуляцияларға қатысады. Жоспарлы операциялар белгілі күндерде жүргізіледі, ол кезде басқа науқастар қабылданбайды.

Емханаларда хирургиялық әртүрлі кіші операциялар жүргізіледі. Соның ішінде жиі кездесетіні: липома, атерома, жараны хирургиялық емдеу, панарицияны ашу, ірінді мастит, киста, өскен тырнақ, абсцесстерді ашу, шынтактық қисаюда араласулар т.ю жасалады.

Емхананың хирургиялық бөлімінде пигментті ісіктерді, ерін лейкоплакиясы, сүт безінің қатерлі ісігін, тік ішектің папиломасы кезінде операциялар жүргізуге болмайды.

Амбулаторлық хирургияда хирургиялық операциялардан басқа, операциядан кейінгі стационардан шыққан найқаутарды ары қарай емдеу жүргізеді. Бұл науқастар учетке тұрып, бақылауда болады.

Емханалық және амбулаторлық хирургке өте жоғары жауапкершілік тұрады. Ол операцияның практикалық жағынан және организациялық тұрғыдан жақсы меңгеруі керек. Операция жасайтын арнайы орын және құрал-жабдықтар болу керек, амбулаторлы жағдайда ауруға операция жүргізу жолдарын білу, сонымен қатар операциядан кейінгі сауықтыру жұмыстарын дұрыс жүргізіп, әрдайым бақылауда ұстап тұру керек.

Сонымен қатар нормаларды сақтау қажет, операция тек пациенттің келісімімен жасалуы керек. 14 жасқа дейінге балалар үшін ата-анасының келісімімен жасалынады.

Хирургиялық операция бөлімі

- ✓ Операциялық үстел
- ✓ Инструменттерге арналған жалжымалы инструменттер үстелі
- ✓ Медикаменттерге арналған үстелше
- ✓ Медикаменттер мен инструменттер сақтауға арналған шкаф
- ✓ Наркозды аппарат
- ✓ наркотизатор үстелі
- ✓ стерилизатор
- ✓ Жарық көзі



Амбулаторлы хирургия
– арнайы
мамандардырылған
құралдары бар қарау
бөлімдері



Операциялық бөлім



Науқастың уақытша жататын палатасы

Амбулаторияда жүргізілетін кіші хирургиялық операциялар:

- ▶ Қантамырлы жұлдызшалар, варикозды веналар мен түйіндерді жою
- ▶ Травмалық, термиялық жарақаттардан кейін жараны өңдеу жүргізу
- ▶ Тері мен тері асты клетчаткасының іріңді қабынуы (абсцесстерді ашу, фурункулдер)
- ▶ Тырнақ грибоктарын жою және тырнақ пластинкасының резекциясы
- ▶ Лазер арқылы терінің өспелерін жою
- ▶ Терідегі қатерсіз ісіктерді жою (атерома, липома)
- ▶ Гемаррой, парапроктит, анальді сызаттарға операция
- ▶ Фимоз, варикоцел, аталық без сулануы, циркумсизия кезінде
- ▶ Зәр жолдарының эндоскопиялық араласулары
- ▶ Іштің жарықтарын жою

Амбулаториялық хирургияның артықшылығы:

- ▶ Тез әрі ыңғайлы хирургиялық емді қабылдау (1 күн ішінде)
- ▶ Ұзақ реабилитацида болуды қаламайтын, аз инвазивті хирургиялық методика қолданылады
- ▶ Госпитализацияны қажет етпейді, яғни пациенттің еркінде шектеу жоқ
- ▶ Таңу жұмыстары амбулаторияда сияқты үйдеде жасауға болады
- ▶ Пациент дәрігер қабылдауына қалаған уақытында бара алады
- ▶ Амбулаторлы хирургиялық көмектің, стационармен салыстырғанда, ақысы төмен
- ▶ Ауруханаішілік инфекцияны жұқтырудың қорқынышы жоқ

Назарларыңызға рахмет